

Қазақ КСР-сы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы Маңғыстау облыстық сотының өтініші (ұсынысы) туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңестің Қаулысы 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2

Құрамында Конституциялық Кеңестің Төрағасы Ю.А.Ким және Конституциялық Кеңестің мүшелері Н.И.Акуев, О.Қ.Ықсанов, В.В.Мамонов, С.Н. Сәбікенов, С.Ғ.Темірболатов, В.Д.Шопин қатысқан ашық отырыста "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға сәйкес емес деп тану жөніндегі Маңғыстау облыстық сотының өтінішін (ұсынысын) қарай келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мыналарды анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасына ресми түсіндірме беру және Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға қарама-қайшы деп тану жөнінде Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Н.К.Чиняев ұсыныс жасады.

Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы қаңтардың 27-сіндегі қаулысымен Маңғыстау облыстық соты төрағасының ұсынысының Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға қарама-қайшы деп тану жөніндегі бөлігі ғана іс жүргізуге қабылданды. Ал Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасына ресми түсіндірме беру жөніндегі өтінішті (ұсынысты) іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылды, себебі соттар Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру мәселесі бойынша Конституциялық Кеңеске өтініш жасайтын субъектілер қатарына жатқызылмайды.

Баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі О.Қ.Ықсановтың хабарламасын тыңдай келіп, Конституциялық Кеңестің сұрауы бойынша келіп түскен жадығаттармен, атап айтқанда, Республикасының Жоғарғы Соты және Бас прокуратурасының қорытындысымен таныса келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Маңғыстау облыстық соты төрағасының Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын конституциялық емес деп тану жөніндегі өтінішін қанағаттандыруға болады деп тапты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес, егер сот адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандығына қолданылуға тиісті заң немесе басқа да нормативтік құқықтық актілер қысымшылық жасайды деп тапса, Конституциялық Кеңеске өтініш жасауға құқықты.

Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын конституциялық емес деп тану жөніндегі өз өтінішін былай деп дәлелдейді: біріншіден, бірінші инстанциядағы (сатыдағы) сот ретінде азаматтық істі қарауға өзінің іс жүргізуіне қабылдауға облыстық сотқа мүмкіндік беретін Азаматтық іс жүргізу кодексінің аталған нормалары Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасымен үйлеспейді, екіншіден, азаматтардың құқығына қысымшылық жасайды, себебі, ұсыныста айтылғандай азаматтар "сот шешіміне шағымданудың бірнеше сатысынан" айырылады, яғни қабылданған шешімге облыстық сотта кассациялық, қадағалау тәртіптерінде шағымдана алмайды.

Маңғыстау облыстық сотының өтінішіндегі Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарының Конституцияның 77-бабының 3-тармағы 3-тармақшасының нормасына сәйкес еместігі жөніндегі дәлелдері көңілге қонымды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасына сәйкес ешкімге оның өз келісімінсіз ол үшін заңда көзделген соттылығын өзгертуге болмайды. Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114-бабымен соттардың қай санатқа жататындығына қарамастан, өздеріне қарасты азаматтық істер аудандық (қалалық) соттардың қарауына жатқызылған. Істі қарау үшін оны бірінші инстанциядағы (сатыдағы) сот ретінде жоғары тұрған соттың іс жүргізуге өзінің қабылдауы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114-бабында белгіленген топтық соттылықты өзгерту дегенді білдірмейді. Әйтсе де, АІЖК 115 және 310-баптары істі жоғары тұрған соттың, атап айтқанда, облыстық соттың іс жүргізуге қабылдауы іс бойынша тараптардың келісімін алуға байланысты болмайды, сөйтіп, жоғарыда аталған ешкімге, оның өз келісімінсіз ол үшін заңда көзделген соттылықты өзгертуге болмайды деген конституциялық норма бұзылады.

Көрсетілген осындай жағдайларда, қаралып отырған АІЖК баптары Конституцияға сәйкес деп танылуы мүмкін емес, себебі Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасында көзделген субъектінің құқығына қысымшылық жасайды.

Конституцияның 74-бабының 2-тармағына сәйкес адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандығына қысымшылық жасайды деп танылған заңдар және басқа нормативтік құқықтық актілер жойылды және қолданылуға жатпайды.

АІЖК-інің 310-бабына сәйкес бірінші инстанциядағы (сатыдағы) сот ретінде жоғары тұрған сот азаматтық істі өзіне іс жүргізуге өз инициативасымен емес, төменгі сот шешімінің екінші рет бұзылуына байланысты заң бұйрықтарын орындау мақсатында қабылданғанда, бұл жағдай АІЖК-інің аталған бабын конституциялық емес деп тануға ықпал ете алмайды. 310-бапта жазылған ереже Қазақ КСР-сының АІЖК-іне басқа құқықтар мен бостандық қатарында, ешкімге оның өз келісімінсіз ол үшін заңда көзделген соттылығын өзгертуге болмайды деген принципті бекітіп берген Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы қабылданғанға дейін

енгізілген болатын. Конституцияның 92-бабының 4-тармағына сәйкес, Конституция күшіне ену сәтіндегі қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы заңдарының Конституцияға қарама-қайшы келмейтіндері қолданылады. Конституцияның жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Егер жоғары тұрған сот (екінші инстанциядағы - сатыдағы) төменгі тұрған сот шешімінің бірнеше рет бұзылуына байланысты істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауды тиімді деп таныса, ол соттылықты өзгертуге тараптардың келісімін алуға тиісті.

АІЖК-інің 115 және 310-баптарын конституциялық емес деп тану жөніндегі Маңғыстау облыстық сотының ұсынысы тағы да мынадай жағдайлармен дәлелденеді: азаматтық істі облыстық сот іс жүргізуге қабылдағанда азаматтар "сот шешіміне шағымданудың бірнеше сатысынан" айырылады, яғни қабылданған шешімге облыстық сотта кассациялық, қадағалау тәртіптерінде шағымдана алмайды. Егер тараптардың бұған келісімі болған жағдайда, ұсыныстың бірінші инстанция (саты) бойынша азаматтық істерді облыстық соттардың қарау мүмкіндігінен айыратын дәлелдерімен Конституциялық Кеңес келісе алмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 13-бабының 2-тармағында әр адамның және азаматтың өз құқығы мен бостандығының сот арқылы қорғалу құқығын мойындай отырып, сот шығарған қаулылардың қайта қаралу тәртібін белгілемейді. Қолданылып жүрген іс жүргізу заңдары бойынша, соның ішінде, Қазақ КСР АІЖК бойынша, тек заңда белгіленген тәртіппен мерзім сақтала отырып берілген кассациялық шағым (сондай-ақ кассациялық наразылық) істі кассациялық инстанцияның (сатының) міндетті түрінде қарауына әкеліп соғады. Кассациялық шағым істі бірінші инстанция (саты) бойынша қарайтын Жоғарғы Соттан басқа кез-келген соттың шешіміне жасалуы мүмкін, бірақ бір рет қана.

Демек, істі бірінші инстанция (саты) бойынша облыстық соттың қарағанынан істі кассациялық инстанцияның бұл жағдайда Республиканың Жоғарғы Соты міндетті түрде қарауына әкеліп соғатын кассациялық шағым беру құқығынан тараптар айырылмайды. Тек қана істі бірінші инстанциядағы (сатыдағы) сот ретінде Жоғарғы Сот қараған жағдайда, қабылданған шешімге кассациялық шағым жасауға немесе наразылық білдіруге жол берілмейді, бұл шағым жасауға берілген құқыққа қысымшылық жасау деп қаралып, міндетті түрде шешімді тексеруге әкеліп соқтырар елді. Дегенмен, Маңғыстау облыстық сотының ұсынысында Қазақ КСР АІЖК-і 116-бабының конституциялылығы талас тудырмайды, сондықтан да бұл бапты Конституциялық Кеңес қарамайды.

Егер, кассациялық шағым түсуіне байланысты бірінші инстанциядағы (сатыдағы) сот шешімі жойылмаған болса, ол шешім істі жоғарғы тұрған сот қараған кезден заңды күшіне енеді. (Қазақ КСР АІЖК-інің 205-бабы.) Бұдан кейін шешім тек өкілетті лауазымды адамдар наразылық білдірген жағдайда ғана соттың қадағалау тәртібінде қайта қаралуы мүмкін. Заңды күшіне енген шешімге өздігінен шағым берілуі оны

міндетті түрде қайта қарауға соқтырмайды. Сонымен, бірінші инстанция (саты) бойынша істі облыстық сот қараған кезде жоғары тұрған инстанция (саты) санының қысқартылуынан іске қатысушы адамдардың мүддесіне ешқандай қысымшылық жасалмайды, себебі істі міндетті түрде қарауға әкеліп соқтыратын облыстық соттың шешіміне кассациялық шағым жасау құқығынан олар айырылмайды, ал заңды күшіне енгізілген шешімдерді соттық - қадағалаушы инстанциялардың (сатылардың) міндетті түрде қайта қарауын олар талап ете алмайды.

Демек, азаматтық істі бірінші инстанция бойынша облыстық соттың қарауына, біл іс үшін белгіленген соттылықтың өзгертіле отырып қаралуына іске қатысушы адамдардың (тараптардың) келісімі алынған жағдайда істің мұндай қаралуын олардың Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасында бекітілген құқықтарына қысымшылық жасау деп қарауға болмайды.

Жоғарыда баяндағандар негізінде және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 31-33, 37-39-баптарын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Қазақ КСР-сының 1963 жылғы желтоқсанның 28-інде қабылданған Азаматтық іс жүргізу кодексінің (АІЖК) 115 және 310-баптары адамның және азаматтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасында бекітілген құқығына қысымшылық жасаушы бап ретінде конституциялық емес деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының 39-бабының 2-тармағына сәйкес адамның және азаматтың Конституция бекіткен құқығы мен бостандығына қысымшылық жасайды деп, соған байланысты конституциялық емес деп танылған заңдар заңдылық күштерін жояды

және қолданылуға жатпайды. Мұндай заңға негізделген сот және басқа құқық қорғау органдарының шешімдері орындалуға жатпайды.

3. Қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық аумағында жалпыға бірдей міндетті және үзілді-кесілді болып табылады, шағымдануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК